

**«Жүзу шеберлерінің федерациясы» қоғамдық бірлестігі
мүшелерінің конференциясының Хаттамасымен
«Бекітілді»
« » 2016 ж.**

**«Жүзу шеберлерінің федерациясы»
қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2-БӨЛІМ. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ	3
3-БӨЛІМ. ҚЫЗМЕТ МАҚСАТТАРЫ МЕН НЫСАНЫ	4
4-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	5
5-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІККЕ МҮШЕЛІКТІ САТЫП АЛУ, ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ЖОҒАЛТУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ.....	6
6-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІК МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	8
7-БӨЛІМ. БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ	8
8-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ МҮЛКІН ЖӘНЕ ҚАРАЖАТЫН ҚҰРУ КӨЗДЕРІ.....	11
9-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ БЕЙНЕЛЕМЕСІ	12
10-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	13
11-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ....	13
12-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ	13
13-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	14

**«Жүзу шеберлерінің федерациясы»
қоғамдық бірлестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы Жарғы онда көрсетілген ортақ мақсаттарын жүзеге асыру үшін азаматтардың ерікті түрде бірігуі нәтижесінде мүшелерінің еріктілігі, теңдігі, заңдылық, есептілік және жариялылық негізінде әрекет ететін қоғамдық бірлестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған «Жүзу шеберлерінің федерациясы» қоғамдық бірлестігінің (одан әрі Бірлестік деп аталады) қызметін реттейді.
- 1.2 Бірлестіктің толық атауы:
- 1.2.1 орыс тілінде: **Общественное объединение «Федерация мастеров плавания»;**
 - 1.2.2 қазақ тілінде: **«Жүзу шеберлерінің федерациясы» қоғамдық бірлестігі**
 - 1.2.3 ағылшын тілінде: **Public Association Masters Swimming Federation.**
- 1.3 Бірлестіктің қысқартылған атауы:
- 1.3.1 орыс тілінде: **ОО «ФМП»;**
 - 1.3.2 қазақ тілінде: **«ЖШФ» ҚБ**
 - 1.3.3 ағылшын тілінде: **РА “MSF”.**
- 1.4 Бірлестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, Халықаралық жүзу федерациясының (ФИНА), Азияның жүзу лигасының ережелерін, халықаралық шарттар мен келісімдерді, халықаралық қағидаларды, нормаларды және стандарттарды, сонымен қатар, Бірлестіктің ішкі құжаттарымен бекітілген тәртіпте қабылданған жағдайда, Бірлестік мүшелерінің және басқа органдарының конференцияларының шешімдерін басшылыққа алады.
- 1.5 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Бірлестік басқа қоғамдық бірлестіктермен, мемлекеттік органдармен және мемлекеттік емес органдармен, сондай-ақ жеке тұлғалармен өзара әрекеттесе отырып, өз қызметін жүзеге асырады.
- 1.6 Бірлестіктің орналасқан жері: Байзақов көш. 125/185, 709 кеңсе, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.
- 1.7 Бірлестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

2-БӨЛІМ. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1 Бірлестік жергілікті қоғамдық бірлестік мәртебесіне ие мүшелікке негізделген бейкоммерциялық қоғамдық ұйым болып табылады және Алматы қ. аумағында әрекет етеді.
- 2.2 Бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды тұлға мәртебесіне және құқығына ие болады.
- 2.3 Бірлестіктің оқшауландырылған мүлкі, дербес теңгерімі, банк шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі, белгіленген үлгідегі бланктері, өз бейнелемесі және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа белгілері бар.
- 2.4 Бірлестік өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріліп алуы мүмкін өзіне тиесілі мүлкімен жауапты болады.
- 2.5 Бірлестік ҚР қолданыстағы заңнамасында басқасы көрсетілменен жағдайда, өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, сол сияқты оның мүшелері Федерацияның борыштары мен міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.
- 2.6 Бірлестік Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалар үшін қарастырылған толық құқыққа қабілеттілікті иеленеді, және өзінің жарғылық қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға қайшы келмейтін кез келген шешімдер қабылдауға және кез келген әрекеттерді орындауға құқылы.

Бірлестік өз атынан шарттар жасай алады, мүліктік және мәліктік емес құқықтарды иелене және жауапкершіліктерді ала алады, сотта арыз беруші және жауапкер, үшінші тұлға бола алады.

- 2.7 Бірлестік жарғылық мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндігінше кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлік қызмет ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс Бірлестік мүшелері арасында қайта бөліне алмайды және жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін немесе қайырымдылық қызметке жұмсалуды тиіс.

3-БӨЛІМ. ҚЫЗМЕТ МАҚСАТТАРЫ МЕН НЫСАНЫ

- 3.1 Бірлестік қызметінің негізгі мақсаттары:

- 3.1.1 жүзу ардагерлерінің қозғалысын дамыту, насихаттау және көпшілікке тарату;
- 3.1.2 Бірлестік мүшелерінің мүдделеріне өкілдік ету, қорғау және жүзеге асыру;
- 3.1.3 олимпиадалық қозғалыстың дамуына көмектесу;
- 3.1.4 халықаралық чемпионаттар мен жарыстарға қатысу үшін жүзуден «Мастерс» категориясында құрама командаларды құру және дайындау.
- 3.1.5 Қазақстанның жүзу ардагерлері-спортшыларының беделін халықаралық аренада көтеруге бағытталған жұмыстар жүргізу.

- 3.2 Бірлестіктің қызмет мәніне келесілер жатады:

- 3.2.1 жоғары білікті спортшыларды дайындау жүйесін жетілдіруге қатысу, Қазақстан Республикасының ардагерлер командаларының Әлем чемпионатына және Азия чемпионатына, басқа елдердің ашық чемпионаттарына және өзге де халықаралық чемпионаттарға қатысуын қамтамасыз ету;
- 3.2.2 спорт ардагерлерінің қозғалысы аймақтарында кешенді дамыту бағдарламаларын құруға және іске асыруға қатысу;
- 3.2.3 жарыстар, жарыс өткізу жағдайлары күнтізбесін құруға қатысу;
- 3.2.4 ардагерлер арасында жүзу бойынша жарыстар, соның ішінде ашық және халықаралық жарыстар ұйымдастыру және өткізу;
- 3.2.5 құрама командаларды құру қағидаларын белгілеу, команда құрамын бекіту;
- 3.2.6 жаттықтырушылар, төрешілер және төрешілер алқасының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға және жүргізуге қатысу;
- 3.2.7 Бірлестік мүшелерінің кәсіби және әуесқой қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған мәдени-ағарту, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызмет саласында Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шет елдердің әртүрлі аймақтарындағы жүзу ардагерлері және басқа спорт түрлері клубтарымен қатынастарды және өзге де қоғамдық тиімді байланыстарды орнату, дамыту және нығайту;- «Мастерс» категориясы бойынша жүзде спорт ардагерлердің, жаттықтырушылардың және төрешілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау және оларға қолдау көрсету;
- 3.2.8 жүзу ардагерлер қозғалысын әлемдік дамыту тәжірибесін зерттеу, оны Бірлестіктің жұмыс тәжірибесіне енгізу;
- 3.2.9 Бірлестік мүшелерінің спорт қызметі үшін жағдайлар жасау;
- 3.2.10 әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық және басқа материалдарды шығару және тарату, ақпараттық-әдістемелік қызмет көрсету;
- 3.2.11 жарыстар ережелеріндегі өзгерістер, жарыстарды өткізу шарттары, техникалық жаңалықтар туралы ақпаратты Бірлестік мүшелеріне қамтамасыз ету;
- 3.2.12 Бірлестіктің бейнелемесімен ресми, естелік және марапат белгілерін жасау;
- 3.2.13 спорт саласында жалпы әлемдік үрдістерді дамыту негізінде қоғамдық және мемлекеттік ұйымдарға ұсыныстар құру және беру және қолданыстағы

- заңнаманы спорт саласында жетілдіру бойынша мемлекеттік өкілдік және атқарушы органдарына ұсыныстар дайындау және енгізу;
- 3.2.14 қолданыстағы заңнамаға сәйкес арнаулы спорт көрмелерін, конференцияларын, танымал спортшылармен, ардагерлермен кездесулерді, сауда көрмелерін ұйымдастыру;
- 3.2.15 Қазақстан Республикасының рекордтарын тіркеу және бекіту;
- 3.2.16 спортшыларға, жаттықтырушыларға, мамандарға және қоғамшылдарға мемлекеттік құрмет, спорт марапаттары мен атақтарын беру бойынша материалдарды белгіленген тәртіпте ұсыну;
- 3.2.17 спорт секцияларын ұйымдастыру;
- 3.2.18 спорт құрылыстарын және басқа нысандарды салуға, пайдалануды ұйымдастыруға қатысу;
- 3.2.19 тыйым салынған фармакологиялық құралдарды және басқа дәрі-дәрмектерді пайдалануға қарсы мақсатты жұмыс;
- 3.2.20 жекеменшік баспа жарияланымдарын дайындау және шығару, баспа қызметі;
- 3.2.21 халықаралық конгресстерге, симпозиумдарға, семинарларға, турнирларға, жарыстарға және Қазақстан Республикасында басқа да шараларға қатысу;
- 3.2.22 Бірлестіктің жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;
- 3.2.23 Бұқаралық ақпарат құралдарының шараларына (телебағдарламаларға, радиохабарларға) қатысу;
- 3.2.24 Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарында Бірлестіктің мүддесіне өкілдік ету;
- 3.2.25 Бірлестік мүшелерінің, жаттықтырушылардың және спортшылардың мүдделері мен құқықтарын қорғау бойынша құқықтық және басқа да қажетті қолдауды жүзеге асыру; және
- 3.2.26 жаттықтырушыларды, спортшыларды және басқа жүзу мамандарды әлеуметтік қорғау және оладың мүдделерін қорғау үшін Бірлестік қорларын құру;

4-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 4.1 Бірлестік осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен берілген өкілеттік шегінде әрекет ететін өзінің басқарушы органдары арқылы құқықтарды иеленеді және өзіне міндеттерді алады.
- 4.2 Бірлестік қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған және Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына қайшы келмейтін шамада қызметін жүзеге асыруға қажетті, келесі құқықтарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, кез келген қызмет түрімен айналысуға құқылы:
- 4.2.1 жылжымалы немесе жылжымайтын, материалдық немесе материалдық емес мүліктің барлық түрін, қандай да бір шектеусіз жерді, құрылыстарды, ғимараттарды, жабдықты, бағалы қағаздарды сатып алу, қол жеткізу, иелену, құру, тұрғызу, жабдықтау, қайта жаңғырту, пайдалану немесе басқаша түрде иеліктен шығару және басқа да мүліктік құқықтар;
- 4.2.2 филиалдар мен өкілдіктер ашу;
- 4.2.3 қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалармен, кез келген түрдегі мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен және басқа заңды тұлғалармен өзара ынтымақтастық туралы шарттар, келісімдер және мәмілелер жасау;
- 4.2.4 өз қызметі туралы ақпаратты тарату;
- 4.2.5 мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен келісім жасай отырып, олармен қызмет істеу, шарттар бойынша оларға заңнамада қарастырылған белгілі бір жұмыстарды орындау;

- 4.2.6 соттарда және басқа мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде және өзге коммерциялық кәсіпорындарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау;
 - 4.2.7 Бірлестік қызметінің мақсаттары мен нысанына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілерді құру, басқа заңды тұлғалардың қатысушысы болу;
 - 4.2.8 шетелдік азаматтарды Бірлестік қызметіне қатысуға шақыру, визалық және басқа көмек көрсету.
- 4.3 Осы Жарғымен анықталған кез келген қызмет мемлекеттік органдардың рұқсатын немесе лицензиясын талап еткен жағдайда, Бірлестік соған сәйкес рұқсаттарды немесе лицензияларды алусыз сол қызметпен айналысуға құқығы болмайды.
- 4.4 Бірлестіктің міндеттері:
- 4.4.1 Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, мемлекеттің және жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне залал келтірмеу;
 - 4.4.2 өз мүшелеріне олардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және шешімдермен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
 - 4.4.3 өз мүшелеріне қаражаттардың түсуі және жұмсалуды туралы ақпарат беру;
 - 4.4.4 барлық қажетті салық аударымдарын жүзеге асыру;
 - 4.4.5 тіркеу органына тұрақты әрекет ететін басқарушы органның орналасу орнының өзгеруі туралы ақпарат және бірыңғай мемлекеттік тіркеуге енгізілетін мәліметтер көлемінде жетекшілер туралы деректер беру.

5-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІККЕ МҮШЕЛІКТІ САТЫП АЛУ, ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ЖОҒАЛТУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

- 5.1. Бірлестікке мүшелік дербес түрде болады. Бірлестік жаңа мүшелердің кіруіне ашық. Бірлестіктің мүшелері 25 жасқа толған, Бірлестіктің Жарғысын мойындайтын, әрдайым шынығуды жалғастыратын және ардагерлер сайысына қатысатын жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және Бірлестіктің Жарғысын мойындайтын және Бірлестік алдында тұрған міндеттерді бірігіп жүзеге асыруын көздейтін заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер болады.
- 5.2. Бірлестік мүшелігіне қабылдау олардың Төралқаға жазбаша өтініштер беруі арқылы жүзеге асырылады, ол бұл өтінішті қарап шығып, сәйкес шешім қабылдайды.
- 5.3. Өтініш беруші, оған Төралқа мүшелерінің мәжілісіне қатысушылардың 1/2 бөлігінен көбі дауыс берген жағдайда Бірлестік мүшелігіне қабылданған болып саналады.
- 5.4. Федерацияда мүшелік жарналардың мынадай түрлері белгіленеді:
- 1) жыл сайынғы міндетті мүшелік жарналар;
 - 2) ерікті (қайырымдылық) мүшелік жарналар.
- 5.5. Жыл сайынғы міндетті мүшелік жарналардың мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 3 еселенген мөлшерін құрайды.
- 5.6. Федерацияға айдың 15- не дейін кірген жағдайда мүшелік жарналарды төлеу ағымдағы айдың басынан бастап жүргізіледі.
- 5.7. Жыл сайынғы міндетті мүшелік жарналардың мөлшері Федерация Төралқасының шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін.
- 5.8. Федерация мүшелерінің өз қалауы бойынша кез келген мөлшерде және тәртіппен ерікті (қайырымдылық) жарналарды төлеуді жүзеге асыруға құқығы бар.
- 5.9. Мүшелік жарналар ақшалай нысанда Қазақстан Республикасының валютасы - теңгемен, ақшалай қаражатты Федерацияның банк шотына аудару жолымен төленеді. Ерікті (қайырымдылық) жарналар мүлікпен, басқа да заттармен, мүліктік құқықтармен, оның ішінде зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықпен де енгізілуі мүмкін.
- 5.10. Федерация мүшелерінің қалауы бойынша жыл сайынғы міндетті мүшелік жарналарды олар тиісті жыл үшін біржолғы төлеммен төлеуі мүмкін.
- 5.11. Мүшелік жарналар Федерацияның банк шотына ақша қаражаты енгізілген сәттен

бастап төленген болып есептеледі.

5.12. Мүшелік жарналарды төлеуді тікелей Федерация мүшесінің өзі немесе кез келген үшінші тұлға жүргізе алады. Мүшелік жарналарды төлеу кезінде Федерация мүшесі төлемнің негізінде міндетті түрде мүшелік жарна төленетін кезеңді көрсетуі тиіс. Мүшелік жарналарды үшінші тұлғалар төлеген кезде төлемнің негізінде міндетті түрде Федерация мүшесінің аты-жөні, аты-жөні, сондай-ақ төлем жүргізілетін кезең көрсетілуі тиіс.

5.13. Мүшелік жарналардың төленгенін, сондай-ақ олардың мақсатты жұмсалғанын растайтын қатаң есептегі құжаттарды Федерация ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзім ішінде сақтайды.

5.14. Федерацияның әрбір мүшесі жыл сайынғы міндетті мүшелік жарналардың уақтылы және толық төленуі үшін дербес жауап береді.

5.15. Міндетті мүшелік жарналарды төлеу мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 15 күн өткен соң, сондай-ақ Федерация мүшесі міндетті мүшелік жарналарды төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, Федерация мүшелігіне кірген кезде өтініште көрсетілген ұялы телефон нөміріне немесе электрондық пошта мекенжайына 5 жұмыс күні ішінде пайда болған берешекті өтеу ұсынысымен хабарлама жібереді. Федерация мүшесі хабарламаны көрсетілген мерзімде орындамаған жағдайда, Федерация 5 жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген байланыс құралдарына қолда бар берешекті өтеу туралы сотқа дейінгі шағымды жібереді.

5.16. Бірлестік мүшелігіне қабылдаудан бас тарту қабылданған шешімнің негіздемесімен жазбаша нысанда ұсынылады. Үміткер мұндай шешімге Бірлестік Конференциясына шағымдануға құқылы.

5.17. Бірлестік мүшелердің тізілімін жүргізеді, онда: мүшенің аты-жөні, оның тұрғылықты жері және телефондары көрсетіледі. Тізілімде мүшелікті тоқтата тұру және мүшелерді Бірлестіктің құрамынан шығару жағдайлары да көрсетіледі.

5.18. Бірлестік мүшелері өз деректерінің тізілімдегі барлық өзгерістері туралы оның атқарушы органдарын уақтылы хабардар етуге міндетті.

5.19. Егер Бірлестік мүшесі қатарынан екі мерзім ішінде жылдық мүшелік жарна төлемесе, Бірлестікке мүшелік атқарушы органның шешімімен тоқтатыла тұрады. Сондай-ақ атқарушы орган Бірлестік мүшесі 5.26-тармақты практикалық іске асыру үшін өзінде бар берешекті өтеуге тиіс мерзім белгілейді. ұсынылады.

5.20. Бірлестік мүшесі Төралқа отырысы өткізілген күннен бастап он күн мерзімде оның мүшелігін тоқтата тұру туралы жазбаша түрде хабарланады.

5.21. Бірлестік мүшесі өз берешегін толық төлеген жағдайда, ол мүшелікте автоматты түрде қалпына келтіріледі.

5.22. Бірлестікке мүшелік мынадай жағдайларда тоқтатылады:

5.22.1. өз еркімен құрамнан шығу;

5.22.2. бірлестік мүшесінің қабылданған жарғылық міндеттерін орындамауы;

5.22.3. бірлестікке мүшелік берілген өтініш негізінде тоқтатылады.

5.23. Бірлестік мүшелерінен шығаруды Төралқа мынадай жағдайларда жүргізеді:

5.23.1. жарғының ережелерін сақтамау;

5.23.2. басқару органдарының шешімін орындамау;

5.23.3. жылдық мүшелік жарнаны қатарынан үш мерзім төлемей;

5.23.4. этикалық және моральдық мінез-құлық нормаларын өрескел бұзу.

5.23.5. бірлестікте мүшелік тоқтатылған жағдайда төленген жарналар қайтарылмайды.

5.24. Федерацияның әрбір мүшесі мүшелік жарналарды төлеу жөніндегі берешектің бар-жоғы туралы ақпарат алуға құқылы. Мұндай ақпарат ашық болып табылады.

5.25. Бірлестікке мүшелікті басқа тұлғаларға беруге жол берілмейді.

5.26. Бірлестікте мүшелікті қайта бастау туралы мәселені алып тастағаннан кейін бір жылдан кейін қарауға болады.

5.27. Бірлестіктің құрметті мүшелері (бұл жағдайда Бірлестіктің қатысушысы ретінде мүшелік етуді білдірмейді) спортшылар, жаттықтырушылар, нұсқаушылар, жүзу ардагерлері, қоғам қайраткерлері және Қазақстан Республикасының жүзуді дамытуға

айтарлықтай үлес қосқан басқа да жеке тұлғалар бола алады.

5.28.Құрметті мүше атағы Бірлестік Төралқасының шешімі бойынша беріледі (немесе айырылады).

5.29.Құрметті мүшелердің құқықтары мен міндеттері Бірлестік Төралқасының шешімімен айқындалады. Бірлестіктің құрметті мүшесі Конференцияда кеңесші дауыс беру құқығына ие.

6-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІК МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Бірлестік мүшелерінің құқықтары:

- 6.1.1 Бірлестік істерін басқаруға қатысу, Бірлестіктің басқару органдарының құрамына сайлану;
- 6.1.2 Бірлестіктің қызметі мәселелері, Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар бойынша Конференцияның және Төралқаның қарауына ұсыныстар енгізу;
- 6.1.3 Бірлестікке жазбаша сұрау салу және онкүндік мерзімде оның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Бірлестіктің қаржы есептемесімен, Конференцияның, Бірлестік Төралқасы мәжлісінің және Комиссияның, Бірлестіктің Комитеттерінің хаттамаларымен, басқа да құжаттамаларымен танысу;
- 6.1.4 Конференцияда шешім қабылдау кезінде дауыс беру (соның ішінде уәкілетті өкілі арқылы);
- 6.1.5 Бірлестік көрсететін қызметтерді алу;
- 6.1.6 Бірлестіктің қызметі туралы ақпарат алу;
- 6.1.7 Бірлестік құрамынан ерікті түрде шығу.

6.2 Бірлестік мүшелерінің міндеттері:

- 6.2.1 Жарғының, Бірлестіктің ішкі құжаттарының ережелерін сақтау, сонымен қатар Жарғы ережелеріне сәйкес қабылданған Бірлестіктің басқару органының шешімдерін орындау;
- 6.2.2 Жарғының, Бірлестіктің ішкі құжаттарының ережелерін сақтау, сонымен қатар Жарғы ережелеріне сәйкес қабылданған Бірлестіктің басқару органының шешімдерін орындау;
- 6.2.3 Бірлестіктің қызметіне қатысу, оның мақсаттарына қол жеткізуге көмектесу;
- 6.2.4 Бірлестіктің жарғылық мақсаттарын насихаттауға, сонымен қатар Бірлестікпен өткізілетін жалпыға міндетті шараларына қатысу;
- 6.2.5 Федерацияның беделін түсіретін әрекеттерді істемеу;
- 6.2.6 Бірлестіктің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне бағытталған нақты жұмысты атқару;
- 6.2.7 Бірлестік мүшелерінің тізіліміндегі өз мәліметтерінің барлық өзгерістері туралы Бірлестікке уақтылы хабарлау;
- 6.2.8 мүшелікке кіру және мүшелік жарналарын уақтылы төлеу;
- 6.2.9 Бірлестіктің атқарушы органына өзінің спорттық қызметі туралы жыл сайын мәліметтер беру;
- 6.2.10 спорт шараларды өткізу барысында жарыстарды өткізу ережелерін сақтау.

7-БӨЛІМ. БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ

7.1 Бірлестіктің басқару органдары:

- 7.1.1 жоғары басқару органы – Бірлестік мүшелерінің Конференциясы;
- 7.1.2 атқарушы басқару органы – Бірлестіктің Төралқасы;
- 7.1.3 бақылау органы – Бірлестіктің Тексеру комиссиясы.

Бірлестікті құру кезінде құрылтай жиналысында Бірлестіктің қаржылық-шаруашылық қызметін атқаруға және Бірлестіктің органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалар алдында оның мүдделеріне өкілдік етуге уәкілетті тұлғалар сайланады.

7.2 Бірлестікті басқарудың жоғары органы – Конференция. Конференцияның ерекше

құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешім қабылдау жатады:

- 7.2.1 Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Жарғыны жаңа редакцияда бекіту, Федерация атауын өзгерту;
 - 7.2.2 құрамында 5 (бес) адам мөлшерінде 3 (үш) жылдық мерзімге Бірлестіктің Төралқасын сайлау және оның құрамынан сол секілді өкілеттігі 3 (үш) жылдық мерзімді құрайтын Бірлестіктің Президентін сайлау. Төралқаның бір мүшесінің шығуы (себебіне қарамастан) жақын арадағы Конференция мәжілісінде бүкіл Төралқаны қайта сайлауға алып келмейді. Төралқаның бір мүшесі шығарылған кезде Төралқа уақытша міндеттерін атқарушы бір мүшені қабылдауға, немесе Төралқаның шығып кеткен мүшесінің өкілеттігін қалған мүшелердің біреуінің атқаруына тапсыруға, не болмаса Төралқаның қалған бірнеше мүшелері арасында қайта бөлуге құқылы;
 - 7.2.3 Бірлестіктің Тексеру комиссиясының мүшелерін 5 (бес) адам мөлшерінде 3 (үш) жылдық мерзімге сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және оның құрамынан Комиссия төрағасын сайлау;
 - 7.2.4 Бірлестік қызметінің алдағы жылға бағдарламасын, Бірлестіктің аппаратын ұстауға кететін шығындар сметасын бекіту;
 - 7.2.5 Төралқаның жұмысы туралы Президенттің жылдық қаржылық есептемесін, есебін және Тексеру комиссиясының қорытындыларын бекіту. Комиссияның қорытындысыз Конференция атқарушы органның жылдық қаржылық есебін бекітпейді;
 - 7.2.6 Бірлестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау;
 - 7.2.7 мүшелікке кіру және жылдық мүшелік жарналарының мөлшерін, төлеу тәртібі мен мерзімін белгілеу;
 - 7.2.8 Бірлестікті кредиттеу және Федерация мүлкін кепілге салу туралы мәселені шешу;
 - 7.2.9 Жарғыға сәйкес Бірлестік қызметінің өзге де маңызды мәселелерін шешу.
- 7.3 Кезекті Конференцияны күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін үш ай ішінде Бірлестіктің атқарушы органы шақырады.
- 7.4 Бірлестік мүшелеріне кезекті Конференцияны өткізу күні мен орны, күн тәртібін Бірлестіктің атқарушы органы Конференцияны өткізуге дейін 20 (жиырма) күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды. Хабарлама мүшелер тізілімінде көрсетілген мекенжайлар мен телефон нөмірлері бойынша жолданады. Егер Бірлестік мүшесінің оған тиісті түрде хабарлама жіберілетін мәліметтері өзгерсе, ал ол бұл туралы Бірлестікке уақтылы ескертпесе, Бірлестік хабарлама алмағаны үшін жауапты болмайды және бұл қабылданған шешіммен келіспеуге негіз бола алмайды.
- 7.5 Кезектен тыс Конференция Төралқаның кемінде екі мүшесінің, Президенттің, Тексеру комиссиясының, Бірлестік құрамының кемінде 20% құрайтын мүшелерінің жеке бастамасымен шақырылады. Кезектен тыс Конференцияны шақыру ұсынысы Бірлестіктің атқарушы органына жолданады, ол Бірлестік мүшелеріне Жарғының 7.4-тармағына сәйкес тәртіпте хабарлайды.
- 7.6 Бірлестіктің әр мүшесі Конференцияда бір дауысқа ие болады.
- 7.7 Конференция оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда құқықтық деп саналады. Конференцияның күн тәртібі қатысушы өкілдердің дауыс көпшілігімен өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.
- 7.8 Конференцияның шешімдері қатысушы өкілдердің дауыс көпшілігімен қабылданады. Жарғының 7.2-тармағының 7.2.1. және 7.2.6-тармақшалары бойынша шешімдер кемінде дауыстардың үштен екі бөлігімен қабылданады.
- 7.9 Дауыс беру түрін – ашық немесе жабық (жасырын) – Конференция белгілейді. Конференция Бірлестік Төралқасының және Президентінің кез келген шешімін болдырмауға құқылы.
- 7.10 Конференция хаттамасына Конференцияның төрағасы және хатшысы қол қояды.
- 7.11 Конференциялар арасындағы кезеңде Бірлестіктің басқарушы органы болып құрамы

5 адамнан тұратын Төралқа саналады.

7.12 Төралқа:

- 7.12.1 Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін Конференция шешімдерін орындауға бағытталған шараларды жүргізеді;
- 7.12.2 өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, кезектен тыс немесе кезекті Конференцияны өткізуге дейін өз құрамынан уақытша мерзімге Бірлестік Президентін сайлайды;
- 7.12.3 Төралқа мүшелері арасында міндеттерді өздігінен бөледі;
- 7.12.4 Бірлестік жүргізетін шаралар бойынша сметаларды бекітеді және олардың орындалуы туралы есептерді тыңдайды;
- 7.12.5 «Қазақстан Республикасының жүзу ардагерлері Бірлестіктің Құрметті мүшесі» атағын беру туралы, сонымен қатар бұл атақтан айыру туралы шешімдерді қабылдайды;
- 7.12.6 Бірлестіктің комитеттері мен комиссиялары туралы ережелерді олардың қызметін реттейтін құжаттар ретінде бекітеді;
- 7.12.7 Бірлестіктің баспа органдарын құрады және таратады және Олар туралы ережелерді бекітеді;
- 7.12.8 қажеттілікке қарай Бірлестіктің сабағаттық және басқа жұмыс органдарын құрады, Олар туралы ережелерді бекітеді;
- 7.12.9 филиалдар мен өкілдіктерді ашу туралы, басқа заңды тұлғаларда құру және қатысу туралы шешімдерді қабылдайды;
- 7.12.10 осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Бірлестік мүшеліген қабылдау немесе Бірлестік мүшелігінен шығару туралы шешімдерді қабылдайды;
- 7.12.11 республикалық спорттық шаралардың күнтізбелік жоспарын, «Мастерс» категориясында жүзуден халықаралық жарыстарға Республиканың құрама командаларының және ең мықты спортшылардың қатысуын бекітеді;
- 7.12.12 Конференцияның ерекше құзыретіне жатпайтын Бірлестік қызметінің басқа мәселелерін шешеді. Төралқа мәжілісі кемінде 3 (үш) айда бір рет өтеді. Төралқа мәжілісі туралы хабарлама оның мүшелеріне өткізу күніне дейін 5 (бес) күннен кешіктірілмей жолданады. Онда мәжілісті өткізу уақыты, орны және талқыға салынатын мәселелер көрсетіледі. Төралқа шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру түрінде қабылданады. Төралқаның әр мүшесі бір дауысқа ие болады. Төралқа мәжілісі мүшелерінің 50% артық бөлігі қатысқан кезде құқықты болып саналады. Төралқаның мәжілістерінде Президент, ол болмаған кезде Төралқа мүшелерінің бірі төрағалық етеді. Президенттің даусы дауыстар жұп сан болғанда шешуші дауыс болып табылады.

7.13 Төралқаның кезектен тыс мәжілісі Бірлестік Президентінің, Төралқаның кез келген мүшесінің немесетексеру комиссиясының бастамасымен мәжіліске қойылатын мәселеге негіздеме берілумен шақырылады.

7.14 Бірлестік Президенті:

- 7.14.1 Төралқа жұмысын ұйымдастырады және жоспарлайды, Конференция шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 7.14.2 Төралқа мәжілісін шақырады және ол қабылдаған, Төралқа мәжілісінің хатамасымен рәсімделетін шешімдеріне қол қояды;
- 7.14.3 Бірлестікке жалпы жетекшілік етеді, Конференцияның, Төралқаның шешімдерін орындайды, олардың орындалуы үшін жауапты болады;
- 7.14.4 сенімхатсыз Бірлестік атынан сөз сөйлейді, мемлекеттік және сот органдарында, қоғамдық және басқа ұйымдарда оған өкілдік етеді;
- 7.14.5 Бірлестіктің шоттарын ашады және жабады, Бірлестіктің мүлкі мен ақшалай қаражатына иелік етеді, бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 7.14.6 шарттар, келісімдер жасайды, Бірлестіктің қаржылық-шаруашылық және басқа қызметі жағдайы үшін жеке жауапкершілік артады;

- 7.14.7 Бірлестік қызметкерлерінің лауазымдық қызмет нұсқаулығын бекітеді.
- 7.15 Бірлестік Төралқасының мүшесі:
 - 7.15.1 Президенттің бұйрықтарының, Конференция мен Төралқаның қаулыларының орындалуын ұйымдастырады;
 - 7.15.2 Төралқа мен Конференция мәжілістерінде қаралуы үшін құжаттардың жоспарларын дайындайды;
 - 7.15.3 Комиссия және Бірлестік комитеттерінің қызметтерін үйлестіреді, олардың қызметтерін бақылайды;
 - 7.15.4 Бірлестік мүшелерінің есебін, ұсыныстарды, өтініштерді, шағымдарды және Бірлестік мүшелерінің, сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардың басқа үндеулерін қарастырылуын ұйымдастырады;
 - 7.15.5 Президент болмай қалған кезде оның орнын баса тұрады.
- 7.16 Бірлестіктің тексеру комиссиясы:
 - 7.16.1 Бірлестіктің қаржылық-шаруашылық қызметін тексереді;
 - 7.16.2 Комиссия кемінде жылына бір рет тексеру жүргізеді. Жоспардан тыс тексерулер Бірлестік құрамының 20% артық бөлігін құрайтын мүшелерінің талабы бойынша жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тәуелсіз аудитор тексеруге тартылуы мүмкін;
 - 7.16.3 Тексеру нәтижелерін комиссия Конференцияға ұсынады. Тексеру комиссиясы тек Конференцияға есеп беруге тиісті болады;
 - 7.16.4 Төралқа мүшелері тексеру комиссиясының құрамына сайлана алмайды.

8-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ МҮЛКІН ЖӘНЕ ҚАРАЖАТЫН ҚҰРУ КӨЗДЕРІ

- 8.1 Ұйымның мүлкін құру көздері:
 - 8.1.1 мүшелікке кіру және мүшелік жарналар;
 - 8.1.2 жеке тұлға және заңды тұлғамен табысталған жерлер, ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, ақшалай және басқа материалдық құндылықтар, құнды қағаздар, жер, ғимараттар, құрылыстар, жабдықтарды қолдану түріндегі мүліктік құқықтар мен ақшалай бағаланатын басқа да құқықтар;
 - 8.1.3 жеке және заңды тұлғалардың, соның ішінде шетелдік азаматтар мен бейкоммерциялық ұйымдардың, соның ішінде азаматтар мен заңды тұлғалармен ақшалай немесе заттай берілетін мақсатты түрдегі (қайырымдылық гранттары) қайырымдылық жарналары;
 - 8.1.4 өткізуден тыс операциялардан, соның ішінде Бірлестік қаражатынан түскен, акцияларға, облигацияларға және басқа бағалы қағаздарға салынған табыстар;
 - 8.1.5 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Осы Жарғыға сай дәрістер, көрмелер, лотереялар, аукциондар және қорларды жұмылдыру мақсатында басқа да іс-шараларды өткізуден (ойын-сауық, мәдени, спорттық және басқа жаппай іс-шаралар ұйымдастыруды қосқанда қайырымгерлер мен еріктілерді тарту бойынша науқан жүргізу, қайырымдылық құрмалдықтарды жинау бойынша науқан жүргізу), мүлікті өткізуден және қайырымгерлердің өз қалаулары бойынша берген құрмалдықтардан түскен түсімдер;
 - 8.1.6 заңмен рұқсат етілетін кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс;
 - 8.1.7 қорларды жұмылдыру қызметінен түскен түсімдер (қайырымгерлер мен еріктілерді тарту бойынша науқан жүргізу, соның ішінде ойын-сауық, мәдени, спорттық және басқа жаппай іс-шаралар ұйымдастыру, қайырымдылық құрмалдықтарды жинау бойынша науқан жүргізу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лотереялар, дәрістер, көрмелер, аукциондар өткізу, мүлікті өткізу және қайырымгерлердің өз қалаулары бойынша берген құрмалдықтар);
 - 8.1.8 ақшалай және басқа материалдық қаражаттарды және мүлікті Бірлестікке

- беру (қайырымдылықпен сыйға тарту) және өсиет етіп қалдыру;
- 8.1.9 азаматтар мен заңды тұлғалардың шығармашылық және зияткерлік қызмет нәтижелерін Бірлестікке табыстау;
- 8.1.10 Бірлестікпен құрылған шаруашылық қоғамдар қызметінен түскен табыстар;
- 8.1.11 басқа да заңмен тыйым салынбаған көздер.
- 8.2 Бірлестіктің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін Бірлестіктің әрбір мүшесі мөлшері Бірлестіктің Төралқасымен анықталатын қолма-қол және қолда жоқ ақшалай қаражатпен төленетін жыл сайынғы мүшелік жарна төлеуге міндетті.
- 8.3 Бірлестіктің нақты бағдарламалары мен іс-шараларын қаржыландыру үшін мақсатты және мүшелік жарналар қарастырылады. Бұл жағдайда мақсатты жарналарды төлеу, олардың мөлшері және төлеу тәртібі туралы шешімді Төралқа қабылдайды.
- 8.4 Бірлестік мүшелерінің Бірлестікке табысталған мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары болмайды.
- 8.5 Бірлестік өз мүлкін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес иеленеді, пайдаланады және билік етеді.
- 8.6 Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс Бірлестік мүшелері арасында бөлінбейді, және тек Бірлестіктің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін пайдаланылуы тиіс.

9-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ БЕЙНЕЛЕМЕСІ

- 9.1 Бірлестіктің төменде көрсетілген өз эмблемасы бар:



- 9.2 Бірлестіктің эмблемасы ақ фонда орналасқан көк және көгілдір түсті екі көлденең толқын болып бейнеленген. Олардың төменгі жағында ағылшын тілінде «SWIM MASTERS KAZAKHSTAN» деген жазу жазылған. Толқындардың жоғарғы жағында жүзу көзілдірігі мен бас киімін киген жүзуші бейнеленген. Жүзуші мен толқындардың суреті солдан оңға қарай созылған түрде орналасқан сопақшаның ішіне салынған. Сопақшаның өзі ұсақ қаріппен қазақ және орыс тілдерінде «Жүзу ардагерлерінің Федерациясы» және «Федерация ветеранов плавания» деп жазылған жазуды көрсетеді. Сопақшаның төменгі орта жағында орыс тілінде «МАСТЕРС» деген жазу жазылған.

Федерацияның төменде көрсетілген өз эмблемасы бар:

Федерацияның эмблемасы ақ фонда орналасқан көк және көгілдір түсті екі

көлденең толқын болып бейнеленген. Олардың төменгі жағында ағылшын тілінде «SWIM MASTERS KAZAKHSTAN» деген жазу жазылған. Толқындардың жоғарғы жағында жүзу көзілдірігі мен бас киімін киген жүзуші бейнеленген. Жүзуші мен толқындардың суреті солдан оңға қарай созылған түрде орналасқан сопақшаның ішіне салынған. Сопақшаның өзі ұсақ қаріппен қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан жүзу ардагерлерінің Федерациясы» және «Казахстанская Федерация ветеранов плавания» деп жазылған жазуды көрсетеді. Сопақшаның төменгі орта жағында орыс тілінде «МАСТЕРС» деген жазу жазылған.

10-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 10.1 Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Бірлестік Конференциясының ерекше құзыретіне жатады.
Жарғыға енгізілетін өзгерістер, толықтырулар, оларға Конференция жұмысына қатысатын өкілдердің жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады. Дауыс беру түрін Конференция орнатады.
- 10.2 Бірлестіктің әрбір мүшесі Жарғыны өзгерту, толықтыру туралы Бірлестіктің Төралқасына ұсыныстар енгізуге құқылы.
- 10.3 Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін Төралқа ұсыныстар түскен күннен бастап айлық мерзімде қарастырады және Федерация Конференциясының қарауына салады.
- 10.4 Бірлестіктің Жарғысы атауы өзгерген жағдайда қайта тіркелуі тиіс.
- 10.5 Бірлестік Конференциясымен осы Жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте ескеріледі және тіркеледі.

11-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

- 11.1 Бірлестіктің қайта ұйымдастырылуы қосылу, бірігу, бөліну, бөліп шығару, қайта құру түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бірлестікті қайта ұйымдастырған кезде барлық құжаттар (басқарушылық, қаржылық-шаруашылық, жеке құрамы бойынша және т.б.) бекітілген ережелерге сәйкес құқықтық мұрагер-ұйымға табысталады.
- 11.2 Бірлестік Бірлестік Конференциясының шешімі немесе сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін. Конференцияның тарату туралы шешімі Федерация мүшелерінің Конференциясына қатысушылар санының кемінде 2/3 бөлігімен қабылданады.
- 11.3 Бірлестікті тарату туралы шешім қабылдаған орган, тарату комиссиясын (таратушы) тағайындайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес бейкоммерциялық ұйымды таратудың мерзімі мен тәртібін белгілейді.
- 11.4 Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Бірлестік істерін басқару өкілеттігі беріледі. Тарату комиссиясы сотта Бірлестік атынан сөйлейді.
- 11.5 Бірлестік таратылған кезде ғылыми-тарихи мәндегі тұрақты сақталынатын құжаттар сәйкес мұрағатқа мемлекеттік сақталуға тапсырылады; жеке құрамы жөніндегі құжаттар (бұйрықтар, жеке істері мен есеп карточкасы, дербес шоттары және т.б.) Бірлестіктің орналасқан жері бойынша мұрағатқа сақталуға тапсырылады. Құжаттарды табыстау және реттеу мұрағаттар туралы заңның талаптарына сәйкес Бірлестіктің күшімен және қаражаты есебінен жүзеге асырылады.
- 11.6 Бірлестік таратылған жағдайда кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан соң қалған мүлік жарғылық және қайырымдылық мақсаттарға жұмсалады.
- 11.7 Бірлестік Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлері тізіліміне қызметін тоқтату туралы мәлімет енгізген соң өз қызметін тоқтатқан болып саналады.

12-БӨЛІМ. БІРЛЕСТІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

- 12.1 Бірлестік осы Жарғыда бекітілген мақсаттарға сәйкес келесі әрекеттерді орындай алады:
 - 12.1.1 тікелей халықаралық байланыстарды жасау, басқа елдердің кез келген

- меншік нысанындағы қоғамдық (үкіметтік емес) және коммерциялық ұйымдарымен келісімдер жасау;
- 12.1.2 қызметі Қазақстан Республикасының халықаралық, еларалық (үкіметаралық) міндеттемелеріне қайшы келмеген жағдайда, халықаралық қоғамдық (үкіметтік емес) бірлестіктерге кіру.

13-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 13.1 Осы Жарғының қолданылуы Бірлестік қызметінің барлық кезеңіне таралады. Жарғы ережелерінің біреуінің жарамсыздығы Жарғының тұтас алғанда жарамсыз болуына алып келмейді, бірақ сол ереженің құқықтық қатынаста ұйғарында өзгеруіне негіз болады.
- 13.2 Осы Жарғы Бірлестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды күшіне енеді.

**«Жүзу шеберлерінің федерациясы»
қоғамдық бірестігінің
Президенті
Романов А. С.**

Жарғының мәтіні
Қазақ тілінде: 14 бетте
Орыс тілінде: 14 бетте
Барлығы: 28 бетте
нөмірленген және байланған.